


БАҚҚОЖА МУҚАМ

1

Баққожа МҰҚАИ

«Ана тілі» баспасы
Алматы — 2006 жыл



«ВНЕ ДИ» ПАСПОРТ
ЛВМДКР — 2008 КРП

Баққожа МҰҚАИ

Таңдамалы шығармалар


Бірінші том

Хикаялар мен әңгімелер



ISBN 9965-870-50-1 (Т. I)
00(02)-06

«Ана тілі» баспасы
Алматы — 2006 жыл



ББК 84 Қаз 7-44

М 83

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

М 83 **Баққожа МҰҚАИ “Таңдамалы шығармалар”** (1-том). —
Алматы: “Ана тілі” баспасы, 2006 ж. — 472 бет.

ISBN 9965-670-50-1-(Т.1)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты жазушы-драматург Баққожа Мұқайдың көп
томдық таңдамалы шығармаларының бірінші томына 1966-
1976 жылдары жазылған дүниелері енді. Қалың
оқырманның ықылас-ілтпатына бөленген бұл шығармалар
бүгінгі күннің де талабына жауап береді деп ойлаймыз.

М $\frac{4702250201}{00(05)-06}$ — 06

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-670-50-1-(Т.1)

© Баққожа МҰҚАИ., 2006
© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2006



Хикаялар





Алғашқы махаббат

Қандай күйге түскенім өзіме жұмбақ; білетінім — слендеп, елегізіп әлдекімді күтемін, бір сәт қарап отырып қалсам мазасызданып, көңілім жабырқай бастайды, аз уақыт алданыш болар ермек іздеймін. Күні бойы жалықтырмайтын бір ғана ермегім — айна алдына тұрып алып, шашымды сан құбылтып тарау. Бірақ өзіме қарсы қарап тұрған тәмпіш мұрын, жіпсік көз, қара бала шашын қанша құбылтса да өзгермейді. Көзімді кең ашамын, бөрібір сүйкімсіз кескін сол күйінде қалады. Қарсы алдымдағы қара баланың келбетіне көлеңке түсіріп тұрған пәленің тәмпіш мұрын екенін жаңа байқадым. Мұрнымның ұшынан ұстап созып көрдім, өзгеріс жоқ. Мұрын деген рөзенке емес, қанша тартсаң да созылмайды. Амал не, күйрей күйзелемін де, айнаға енді беттемеске бекініп, сыртқа шығып кетемін.

Біраздан соң ішім пысады. Айнаның алдына қайта айналып бармасқа амалым да қалмайды. Аспан әлемінің түңғиығынан белгісіз бір денені іздеген астрономдай қара баланың жүзіне мен де үңілемін, оның кескінінен ешкім байқамайтын сұлулық іздеймін. Бірақ “зерттеу жұмысым” әрқашан табыссыз аяқталады. Кеудем мұңға толады. Бәрін ұмытып, сабаққа дайындалсам деймін. Орта ғасырлар тарихын аламын да, отыра қаламын. Бірақ бірінші беттен аспаймын, қиял деген ойымды қиянға алып қашады, сикымды кетіріп тұрған тәмпіш мұрын да, жыртыған жіпсік көз де ұмытылады. Мәнсиямен бірге гүлзар бақтың ішінде қыдырып жүремін. Екеуіміз бір-бірімізге қараймыз... Сосын құшақтасамыз... Сосын... Мен селк ете түсемін де, үрейленіп орнымнан атып тұрамын. Қылмысымды әлдекім сезіп қалғандай қатты қысыламын, маңдайымды тер жауып кетеді. Жүрегім дүрсілдеп тұрады. Содан қайтып орындыққа

отырып, кітапқа үңілуге батылым жетпейді, тұнық сулы лайлағым келмейді. Ашық жатқан орта ғасырлар тарихына үрейлене қарап, біраз тұрамын да, аяғымды санап басып сыртқа шығамын.

Біздің үй қараша ауылдың қақ ортасында. Мәнсия өзен жағасындағы үйірінен адасып қалған қызыл қораздай көзге оқшау шалынатын қызыл үйде тұрады. Қызыл үй біздің ауылдағы аласа тамдарға қаншалық ұқсамаса, Мәнсия да басқа қыздардан соншалық ерекше. Ол үнемі аппақ көйлек киіп жүретін аршылған жұмыртқадай аппақ қыз. Ұқыптылығы сонша, киген көйлегіне қылау түсірмейді. Көзінің астында тарыдай ғана мөлдір қара меңі бар. Сол мең оның онсыз да сұлу жүзін шырайландырып тұратын сияқты. Мәнсияның жүрісі сондай майда, сабақ бітісімен ешкімге қосылмай үйіне жалғыз кетеді. Ұрлана қарап мен тұрамын. Ол соңына бұрылып қарамайды да, аяғын сәнмен басып ұзай береді.

Сүйріктей сүйкімді саусақтарына қараудың өзі бір ғанибет. Одан именетіндіктен көбінесе қолына қарап, өзімше мәз боламын. Осындайда өзімнің қолыма көзім түссе кереметтей қысыламын, маңдайымнан бүрк етіп тер шығады. Мәнсияға қолым жетпейтін сияқтанады, көңілім босап, алқымыма ып-ыстық, қатты зат келіп кептеледі. Бірақ қанша күйрей күйзелгенмен көзімнен жас шығып көрген емес.

Мәнсияның теңі жоқ тәңірдей болып көрінуі менің оған деген сезіміме байланысты ма? Кім білсін, әйтеуір ол маған ертегіден шығып келген періште сияқтанып көрінеді. Шіркін-ай, қолынан бір рет қана ұстасам деймін. Дәл қазір мен үшін соның өзі жеткілікті. Бар арманымды жүзеге асыру үшін де көп-көп тер төгу керек екенін білемін. Тер емес қан төгуден де қашпас едім. Бірақ бір дүлей күш жолымды кесе береді. Мәнсияға деген асыл сезімім де, күштарлығым да сол дүлей күш — ынжықтыққа тәуелді. Менің ең алғашқы бала махаббатым сары ауыз балапан сияқты талпынады, ұша алмайды. Көкіректі тас-талқан етіп жарып шығарлықтай тегеуріні жоқ сезім кеудеде жатып тұншығады ғой. Және де ол әкініші көп опасыз сезім. Өмір бақи ұмытылмайды да, кеуденің ең түкпірінде беріш боп қатып жатады.

Жо-жо-жоқ! Менің Мәнсияға деген сезімім жасық емес, оның сұрапыл селдей ойран жасарына сенемін. Алғашқы

махаббаттың сұрапыл селіне ешқандай күш тосқауыл бола алмайды...

Иә, солай екен. Бүгін мен тарих сабағының үстінде Мәнсияға тура қарадым. Екеуіміздің көзіміз тоқайласып қалды, ол күлді. Мәнсияның сол бір сәттегі кескін-кейіпі, сүйкімді жымысы жақсы шыққан суреттей менің көз алдымда тұр. Жүрегім алып-ұшады, үлкен шаруа бітірген адамдай желпініп, желігіп жүрмін; қимылым ылдым-жылдым, үйдің жұмысын айтқызбай-ақ істеп тастаймын, шаршағанымды сезбеймін. Дәл бұған дейін адамның сүйген қызының бір қарасынан осыншалық қуат алатынын білсемші. Ертең Мәнсияның қолынан ұстаған күні немесе айдалада ай астында тұрып оны құшақтағанда қандай күйге түсер екенмін! О тамаша! Өмір деген ғажайып қой, ғажайып! Мынау сенгір-сенгір ұлы тау да, анау қаптап келе жатқан қалың қолдай қара орман да, айналайын аспаным да ғажап!

Асығыс киініп, сыртқа шықтым. Қыркүйектің қара көк аспанды тереңдеп кеткен тәрізді, шүпірлеген мұң сан жұлдыз ашық, анық көрінеді. Толықсып толық туған ай жүзіне нөқта түскен қас сұлудай мұңлы, оның нұрсыз сәулесін қара түн жерге жеткізбей жалмап-жұтып тұр. Екілене ескен желдің көдімгідей қауқары бар. Жеңіл шығып едім, тоңа бастадым. Егер Мәнсияға деген ынтықтығым, ұлы сағынышым болмаса, мына суықта үйге тұра қашарым анық. Кешеу күздің салқыны тұрмақ, қақаған қаңтардың шақылдаған сары аязы да маған кедергі жасай алмас. Мәнсияны сыртынан бір көріп қайту үшін не зауалыңнан бас тартпасыма сенемін. Өйткені, оны ұйықтардың алдында бір көріп қайту — мен үшін бақыт, ол түсіме кіреді...

Міне, біздің ауылдың маңдайына біткен жалғыз көшемен алшаң басып жүріп келе жатырмын. Қазірше паңмын. Қызыл үйге тақай бере ұрлық жасайтын адамдай бұқпантайға көшемін. Бөтен жұрттың көзіне түспеуге тиіспін.

Қызыл үйдің жанында жуан-жуан қарағайлар, үйіліп жатады. Мен бұқпантайлап барып, сол қарағайлардың тасасына жасырынамын да, Мәнсия жататын бөлменің терезесін аңдимын. Оның Бекен келеді екен деп мөлііп терезенің алдында тұрмайтыны белгілі. Кей күндері мен барғанша шеткі терезенің шамы өшіп те қалады, кейде оның коленқесін ғана көріп қайтамын.

Шеткі терезенің пердесі түсірілмепті. Мәнсия шұқшиын кітап оқып отыр. Жүрегім лүпілдей жөнелді. Қарағайға жүгіріп жеттім. Оның үстінде кеудесі ашық, жеңсіз ақ көйлек, шашын төгіп жіберіпті.

Әлдекімнің аяқ дыбысы естілді. Аласа бойлы, жұдырықтай біреу керзі етігін тырпылдатып, қызыл үйге беттеп барады. Жеті түнде жалғыз жүрген бұл кім болды екен? Жүрісі таныс, бір аяғын сылтып басатын тәрізді. Япырау, мынау Айдарбек қой! Оның мұнда несі бар? Оның үйі қараша ауылдың екінші жақ шетінде.

Айдарбек етігін тырпылдатып, биік дуалға жетті де, әлдененің үстіне шықты. Қылтиып басы көрінді. Оның не істеп жүргеніне түсінсем бұйырмасын. Қимыл-қыбырсыз қатып тұр. Әлде Мәнсияға бұл да ғашық па? Селк ете түстім. Маңдайымнан бұрқ етіп суық тер шықты. Ең бір асыл дүниесі қолды боп кеткен жандай қынжыла күйзелдім. Әр күн сайын жылт етіп өшіп жүрген қызғаныш деген пәле от тиген қау шөбіндей лаулай жанды. Ашуланғандікі болар, екі бетім өртеніп, жанып барады. Бір шатақтың боларын ішім сезеді. Бүгінгі ісін көре тұра Айдарбекті жазасыз жібермесім анық.

Әне, Мәнсия орнынан тұрды да, терезенің пердесін жапты. Біраздан соң шам сөнді. Мен әнтек күрсіндім. Айдарбек жерге түсті де, етігін тырпылдатып, мен тығылып отырған қарағайға беттеді. Бұл жерде төбелескенім дұрыс емес, былайырақ ұзап шыққан соң тиісу керек. Айдарбектің бақыруы да мүмкін. Мәнсияның әкесі шығып қалса ұят.

Айдарбек қарағайға келіп отырды да, терең күрсінді. Темекі алып тұтатты. (Жаман неменің темекішілін. Темекі тартқаны — өзінше үлкен адам болдым дегендегісі ғой).

Ол темекісін тартып болған соң ыңылдап ән сала бастады. Үні мұңлы. Тәп-тәуір даусы бар екен.

Талдан таяқ жас бала таянбайды,
Бала бүркіт түлкіден аянбайды.
Угай-ай, ән салшы-ай бір бала.

Ол бұл әнін толық айтқан жоқ, қайырмасын бір қайырып тастаған соң, тағы да күрсінді. Сосын бір нәрселерді айтып, күбірлей бастады. Мен аң-таңмын. Жайлап басып.

Айдарбекке жақындадым. Оның уяң даусын анық естідім,
такпақ оқып отыр.

Сенің бейнен шабытымды тасытты,
Жасытпайды мені, сәулем, жасық мұң.
Сенің күлкің менің нәрім, шабытым,
Саған ғана өле-өлгенше ғашықпын.

Кеудемді күлкі қысты, тұншығып әрең шыдап отырмын. Айдарбектің өз шамасын білмей, заңғар шыңның ұшар басындағы шынарға қол созғаны үшін күлкім келді. Мәнсияның жанында Айдарбек кім, аяғы кем, әкесі жоқ, жетім. Қыз оған пысқырып та қарамайды. Мәнсияның Айдарбекке күле қарағанын көрген емеспін, жылан көрген кірпідей жиырылып, қашқақтап жүреді. Соны біле тұра қыздың соңынан жүгіруі Айдарбектің ақымақтығы. Ең болмаса қыз қарарлық келбеті болса бір жөн. Шегір көз, жаппақ бет. Мәнсияның иығынан-ақ келеді. Дәмесінің зорын жаманның.

Айдарбек орнынан тұрды да, аяғын тырпылдатып, көшеге беттеді. Мен қимыл-қыбырсыз жатырмын. Оған дәл осы жерде тиісе кетсем, Мәнсияға келіп жүргенімді Айдарбек зәлім біліп қояды, ертең балалардың көзінше келемеждеуі мүмкін, одан бәрін күтуге болады. Айдарбектің сөзіне сену бекер, күліп сөйлегеніне мажырап, жылы сөзін малданып жүре берсең құрығаның, қалай шалқаннан түскенінді білмей де қаларсың, ол өзге балалардай емес, қауқарға қат, әлсіздігін сезетіндіктен шығар, біздің біреуімізбен шөлкемдесе қалса бетпе-бет келіп, бекем тұрып, белдесе кетуге жоқ, сенің бүрқ еткен ашуыңды жымысқы күлкісімен тежеп, тайсақтап шетке қашады. Бірақ бір жаман мінезі бар, қайрат көрсете алмай қашып жүрсе де, жеңілгенін ешқашан мойындамайды, бөтенге ессін де жібермейді – кегін сөзбен қайтарады, тілінің уы бар. Содан болар балалардың алдында сыйлы. Арамызда даулы мәселе туа қалса төрелік айтатын да сол. Біз үшін Айдарбектің айтқаны қағида сынды. Үзіліс болысымен топырлап соны қоршап аламыз. Неше түрлі әңгімені сапырғанда сүмдық! Аузымыз ашылып қалады. Өзінің білмейтіні жоқ, қызық әңгіме айтарда алдын ала алақанымен аузын басып, шикылдап күліп алатын әдеті бар. Сонан соң

ол қыздардың алдында шімігіруді білмейді, айтуға болмайтын әңгімелерді соққанда қарап тұрып біздің делебеміз қозады. Мұндайда Жансеріктің аузы ашылып кетеді. “Жөке, аузыңа шыбын кіріп кетпесін”, – дейді Айдарбек. Жансерік салпиған ернін тез арада жинай алмай асып-сасып қалады.

Айдарбек әңгіме бастарда қыздар сыртқа қашады. қоңырау соғылған соң да класқа кірмейді, біреу барлау жасап қайтады, сонан соң барып бірінің соңынан бірі топырлайды-ай келіп. Қашан болсын мұғалімдер “тәртібі нашар” қыздарды жерден алып, жерге салып сілкілеп жатады. Олар қамшыға мықтап үйренген жуас жылқыдай бас шұлғып тұра береді.

Мәнсия келгелі бері Айдарбек күрт өзгерді, бұрынғыдай бейауыз әңгімелер репертуарынан шығып қалды. Оның аузын бағып үйреніп қалған біз командирсіз қалған әскери бөлімше сияқты едік. Ақжарқын, әзілқой Айдарбегіміз ешкіммен шешіліп сөйлеспейтін тым тұйық адам болып кетті. Қашан көрсең өзімен-өзі боп, саяқ жүреді. Оның Мәнсияға ғашық екенін бірде-біреуіміз білмеген екенбіз. Басқалардың да Айдарбек сияқты Мәнсияға ғашық болмағанына кім кепіл!? Класқа ол келген соң-ақ жағдай өзгерді. Қыздан дәмелі балалар ұнап, көрініп қалу үшін өздерін күштеп қалыпқа түсірді. Бұл маған мәлім. Бірақ мен ақымақ Айдарбекті дәмелілердің тізіміне қоспаппын. Өйткені, менің түсінігімше, Мәнсиядай аруға ғашық болуға оның қақысы жоқ.

Орнымнан тұрдым. Айдарбектің қарасы қараңғылыққа сіңіп, біржола көрінбей кетті. Оны қуып барып, тиісудің керегі жоқ. Мәнсия бәрібір оған қарамайды.

Аяңдап үйге қайттым.

Ұйқым келмейді. Мәнсияны ойлаймын, көз алдыма оның күлімсіреген бейнесі келеді. Күліп тұрғанмен Мәнсияның жүзі сұсты. Сол сұс балалар ғана емес, қыздардың да мысын басып тұрады. Бұрын-соңды ешкімнен байқамаған күлкі, жымыстың өзі сұсты болып көрінеді ғой деймін. Өзге қыздар оны сырттай күндейді, пыш-пыш өсек айтады, Мәнсияға ешқайсысы жоламайды. Мәнсия әдемі болғаны үшін, өңді болғаны үшін кінәлі. Қыздар қандай қызғаншақ еді! Бұл бейшаралық қой. Олардың өсегін естігенде мен ызадан жарылып кете жаздаймын. Мейлі, ғайбаттай берсін. Олар жамандаған сайын Мәрзия оқшаулана түседі, қол жетпес биікке көтеріліп бара жатқан сияктанады.

Оймен арпалысып жатырмын. Өзімді-өзім қайрап қоямын. Ертең оған дүние өртеніп кетсе де ойымдағының бәрін ақтарамын. Осы уақытқа дейін шыдап келгенім де жетеді.

Орнымнан тұрдым да, ең тәуір дейтін киімдерімді үтіктеуге кірістім. Үтіктеп болған соң киініп, айнаның алдына бардым. Маған қарсы қарап, тәмпіш мұрын қара бала тұр. Аздап езу тартады, қабақ шытады, бәрі жарасып тұр. Мұрнының кішкенелігі мін емес. Өзімді осылай жұбатамын да, Мәнсияға ақ көйлек кигізіп, тәмпіш мұрын қара баланың қатарына тұрғызамын. Жүрегім лүпілдей жөнеледі. Масаттанғандыкі болар, қара баланың жіпсік көзі жайнап шыға келеді. Кекірейіп айнаның алдында аяқты сәнмен басып, әрі-бері жүремін. Әрине, қатарымда толықсып туған айдай боп Мәнсиям тұрады. Қиялымда оны күлдіремін, бетімнен сүйдіремін, қыпша белінен құшақтаймын. Бір кезде Мәнсияның бейнесі ізім-қайым жоғалады, мен оның тұртүсін көз алдыма келтіре алмай азапқа түсемін. Күрсінемін, күйінемін. Екі көзімді шарт жұмап, қап-қараңғы әлемнен Мәнсияның бейнесін іздеймін, шынымды айтсам, оның келбетін қолдан жасауға тырысамын. Бірақ мұндайда көз алдыма Мәнсия емес, Көрікбайдың жалпақ бет қызы келіп тұрып алады. Ол менің қанымды қайнатып күледі, мойныма асылады. Қиял деген құрдымға бір батсаң одан шығуың мұң, өзіңнен өзің ашуланып, жынданып кете жаздайсың.

Көрікбайдың қызы көз алдымда тұрып алған кезде жынданып кетуге шақ қаламын. Бұл бұл ма, сол күні әлгі пәле түсіме кіреді. Ол екеуміз бір шаңырақтың астында ерлі-зайыпты адамдардай тату-тәтті тұрып жатамыз... Қандай қорқынышты түс... Көрікбайдың қызының аты Шәуен. Ол кісіге жасқана қарайтын ұяң, мінезі де жұмсақ; қанша жүк артсаң да белі бүгілмейтін, өмірі болдырмайтын жуан сінірлі ат сияқты, үйінің шаруасын бір өзі атқарады. Шешем оны аузынан тастамай мақтап отырады. Оның аты аталған жерде мен отыра алмаймын. Сол Шәуенге мықтап жауығып алдым, кереметтей жек көремін. Қарасын көрсем тұра қашамын. Ал ол оңбаған қылымсуын қоймайды, біздің үйге келгіш-ақ, шешеме көмектесіп, бәйек болып жүргені. Өзін жек көретінімді біле тұра ол маған жағынуын қоймайды, бір-екі рет жейдемді жуып берді. Мен ашуландым, үйден итеріп-итеріп шығарып жібердім, ол булығы жылап кетіп қалды.

Үйде шешем жоқ болатын. Ол кісі болса менің жазамды берер еді. Содан бері Шәуен біздің үйге жоламайды. Сыртынан көремін, ол маған назар аудармайды, қарсы келіп қалғанда да аспанға қарап өтеді. Жыным келеді. Шірену кім көрінгенге жараса бермейді ғой. Әлде мені жалынады деп ойлай ма екен?! Тапқан екен наданды?! Әркім өз нарқын білуге тиіс қой.

Міне, таң да атты. Бөлмедегі қараңғылық біржола сұйылып, алағаудан жарық түсті. Бұлбұлдың күйқылжыта салған әні атқан таңның гимні тәрізді. Мұңға толған кеуденді сол бір сұлу саз тазалап, жаныңа өміршең рух құяды, жаси бастаған үмітіңді қайта маздатады.

* * *

Мектепке ерте келдім, менен басқа жан жоқ. Класка кірдім де, Мәнсияның партасына келіп отырдым. Қандай рақат! Сүйген қызың құшағыңда тұрғандай әсерге бөленесің. Айна алдында тұрып, қиялың арқылы Мәнсияны күшқаннан гөрі оның партасына отыру әлдеқайда әсерлі, сүйген қызына бір табан жақындай түсесің. Ғажайып! Мұрнымды жұмсақ жұпар иіс қытықтайтын тәрізді. Партаның астына қол жүгірттім. Қолыма бір парақ қағаз ілінді. Мәссаған! Мынау өлең ғой! Оқи бастадым. Екі бетім дуылдап, жанып барады. Өлеңнің әрбір жолы денеме тікенше қадалатын сияқты. Оқып болғанша жоса-жоса болып терлеп кеттім. Масқара! Өлеңнің соңына Қайдарбек Сматов деп қол қойыпты. Жазу Айдарбектікі. Қайдарбек оның Алматыда КазПИ-де оқитын ағасы, біздің мектепті биыл бітірген. Кеудем алау-жалау болып өртеніп барады. Қайдарбек Мәнсия екеуміздің ортамызға орнап қалған биік қорған секілді. Мәнсияға жету үшін сол жексұрын қорғанды тас-талқан етіп бұзуым керек. Ондай ерлік жасауға күдіретім жете ме, жоқ па?! Атаңа нәлет Айдарбек! Қайдарбек емес, Мәнсияға оның өзі ғашық. Асыл сезімін жария етуге именіп, ағасының атын пайдаланған. Осың үшін жазаңды берермін әлі-ақ.

Бірінші сабақ тарих. Қоңырау соғылған соң жауырыны күжірейіп, маң-маң басып, Көкбаев кірді. Өзі өте мейірімді, содан болар, балалардың барлығы тарих пәніне үздік. Басқа сабақтардан алдына жан салмайтын Айдарбек қана тарихқа

өте нашар. Тақтаның алдына шығып алып, тілі байланып қалғандай менірейіп тұрады да қояды. Көкбаев қып-қызыл болып терлеп кетеді. Бірақ өзге мұғалімдердей Айдарбекке жекіріп ұрыспайды, бар болғаны “екі” дейді. Бірақ ол бағасын қоймайды. “Отыра ғой” дейді жұмсақ үнмен. Неге бұлай? Біз түсінбейміз.

Көкбаев Айдарбекті бүгін де тақтаға шығарды. Ол басын төмен салып, булығып тұр. Балалар оны қып-қызыл пәледен арашалап алмақ болып сыбырлап жатыр. Айдарбек құлағы тас керең болып қалғандай біреуінің айтқанын естімейді. Көкбаев бірінші рет ашуланды. Шеке тамырлары білеуленіп кетіпті. Орнына келіп отырған Айдарбекке тесіліп ұзақ қарады, бірақ ләм деп жақ ашқан жоқ. Әлден уақыттан соң қажыған адамдай қалжыраңқы үнмен “екі” деді де, Сматовтың тұсына қолдары дірілдеп, екі қойып жатты. Неге екенін, Айдарбекке екілік қоярда біздің көзімізше үлкен қылмыс істеп жатқандай Көкбаевтың түсі қашып кетті.

Осыдан кейін сабақтың берекесі кетті. Көкбаевтың қабағы жазылмады. Біраздан соң ол бізді таратып жіберді. Балалар сыртқа шығып кетті. Бөлмеде Мәнсия, Айдарбек үшеуіміз ғана қалдық. Айдарбек партаға етпеттей түсіп жатып алған. Мәнсия көңілсіз, оған жаутандай қарайды. Ішім қыз-қыз қайнап мен отырмын. Айдарбек екілік алғанына күйініп отырған жоқ, оныкі Мәнсияны өзіне қаратудың амалы. Осы залымдығы үшін оны жоса-жоса етіп сабап жіберер ме еді, шіркін!

Класқа Шәуен кірді. Ол мені аңдып жүр. Мәнсияға деген көңілімді біледі, керемет қызғанады. Бұдан қалай құтылсам екен?! Әлде, Мәнсияның көзінше тілдеп, кластан қуып шықсам ба? Осыным дұрыс шығар.

Орнымнан тұрдым да, қызара бөртеп сөмкесін ақтарып жатқан Шәуенге жетіп бардым. Ол жанына келгенімді білді, бірақ бұрылып қараған жоқ. Менің аузымнан өзі көптен бері күтіп жүрген сөзді еститіндей жүрегі лүпілдей бастаған шығар мұның. Мұндайда адам өзін-өзі ұстай алмайды және істеген ісіне есеп беріп жатпайды.

— Сен, қыз, осы мені неге аңдисың? — дедім ашуға булығып.

Шәуен маған жалт қарады. Екі беті қызарып шыға келді. Қысылғандікі болар, езу тартты. Ашуым одан сайын қозды.

Шәуеннің қолынан шап беріп ұстай алдым да, жетелеп сыртқа шығарып жібердім.

— Ұятсыз? Қандай жаман адамсың? — деді Мәнсия ызбарланып.

Мен жалт қарадым. Оның қабағы қату. Маған жеккөре, жауыға қарап тұр. Тынысым тарылды. Сүйретіліп барып орныма отырдым да, қолым дірілдеп кітап-дәптерлерімді жинастыра бастадым.

Бітті. Осымен бәрі де бітті! Енді Мәнсиядан қайыр жоқ. Менің махаббат деген елдегі өкілдігім аяқталды. Мұндайда жылау керек, көңілдің шерін, кеудедегі алаулаған отты тек көздің жасы ғана тарқатып, өшіре алады. Кеудемнен лықси көтерілген ып-ыстық нәрсе көмейіме келіп, кептеліп тұрып қалды. Орнымнан атып тұрып, кластан жүгіріп шығып кеттім.

* * *

Дүниенің осыншалық әділетсіз екенін кім білген. Мәнсия мен Айдарбекті қосақтау — қарға мен бұлбұлды бір торға қамаумен бірдей. Не деген әділетсіздік! Жоқ, мен оларға бәрібір тыныштық бермеймін. Ешқашан!

Мәнсияны аудитынды шығардым. Ол кешкілік үйінен қарыс қадам шықпайды, терезенің алдына отырып алып, түннің бір уағына дейін кітап оқиды. Шеткі терезенің шамы сөнгенше мен де тапжылмай отырамын. Бір уақытта аяғын тырпылдатып Айдарбек жетеді де, ежелгі әдетімен дуалға асылып ұзақ тұрады. Өлердей ашуланамын. Бірақ Айдарбекке тиісуге жоқпын. Өйткені, Мәнсияға деген асыл сезімді ол біліп қояды деп сескенемін. Ондай сезім ешқашан жария болмауға тиіс.

Шыдамның да шегі болады емес пе! Айдарбектің бүгінгі қылығына қатты күйіндім. Ол дуалға асылып тұрып ысқырды, Мәнсия сыртқа шықты.

— Орта ғасырлар тарихын бере тұршы, Мәнсия, — деп мінгірледі.

Қыз үйіне кіріп кетті де, көп кешікпей кітапты алып қайта шықты. Айдарбек кітапты алған соң кеткісі келмей күйбеңдей бастады. Ернімді ашына тістелеп, әзер шыдап мен тұрмын.

– Ал, жақсы, Айдарбек, – деді Мәнсия қолын ұсынып.
– Тұра тұршы, – деді Айдарбек жалынышты үнмен.
Бойы мыртыып, етігінің түмсығымен жер шұқып тұр.

– Әкем көріп қойса ұрсып жүреді.

Мәнсия қызыл үйге жалтақтап қарап қояды.

– Мынаны Қайдарбек салып жіберіпті, – деді әлден уақыттан соң ол міңгірлеп. Мәнсияға бүктелген қағаз ұсынды.

– Керегі жоқ, – деді Мәнсия азарда-безер болып. – Мен ол кісіні танымаймын ғой.

– Ол сені сыртыңнан таниды. Жақында келеді.

Айдарбек сұм әлгі қағазды қызға ұстата салды да, шұғыл бұрылды. Тезірек кетіп қалмасам Мәнсия қағазды лақтырып тастар деп ойлаған болу керек. Қандай зәлім еді.

Айдарбектің алдынан қарсы шықтым. Ол өзінше мәз болып, әндетіп келе жатыр екен, мені көріп, селк ете түсті. Маған таң қала қарап сәл тұрды да, қол ұсынды. Мен теріс айналып, екі қодымды қалтама салдым. Ол мырс күлді.

– Неге күлесің?

– Күлкіге карантин жарияланып па?

– Доғар! Енді аузыңды ашсаң оңдырмаймын.

Ол үндеген жоқ, ақырын ғана күрсінді де, етігін тырпылдатып жүріп кетті. Алдына шығып, жолын бөгедім.

– Не керек? – деді ол жасқаншақтап.

Жағасынан шап беріп ұстай алдым:

– Мұнда не істеп жүрсің?

– Бұзау іздеп.

– Өтірік!

– Сенбесең өзің біл.

Мен не дерімді білмей тосылып қалдым. Көргенімді айтсам, аңдыған болып шығамын, бағам түседі, ең бастысы – басқа емес, Мәнсияның өзінен жасырып жүрген асыл сезімім әшкере болады. Айдарбекті босатып жіберуден өзге шарам қалмады. Жазасыз жіберу тағы ұят. Соңынан кіжініп-күйініп өкінемін.

– Енді түн ішінде қолыма түсетін болсаң аямаймын.

Құйрығынан мықтап тұрып бір тептім. Ол қызыл үйге жалт қарады. Бұл Мәнсия көріп қоймады ма екен дегендегісі.

Оның намыстанғаны анық, бірақ үндеген жоқ. Мойнын ішіне алып, етігін тырпылдатып кетіп қалды. Біраз ұзап

алған соң бір нәрсе айтар деп күтіп ем, жоқ, ол ондай әдепсіздікке бармады.

Айдарбекке үстемдік жасап, оның мысын бастым-ау дегенмен, қоңырайған көңілім жадырай қоймады. Қайта еңсемді ауыр мұң жаныштай бастады. Менің жаңағы қылығым ер жігітке жараспайтын мінез. Ол жығылып жатып бет тырнаумен пара-пар. Мұны енді ғана, Айдарбек жеткізбестей ұзап кеткен соң барып түсініп тұрмын. Өзімді әрқашан үлкен романдарға орталық кейіпкер болуға лайық адамдай сезінуші едім. Адам деген алдана береді екен ғой. Барып тұрған жетесіз бейшара болмасам неғылсын.

* * *

Біреудің қуанышы біреуге қайғы. Қайдарбек келгелі менің уайымым көбейіп, сәл нәрсеге мұнайғыш, күйреуік болып кеттім. Тез ашуланамын, төбелесе кетуге дайын тұрамын. Түнімен кірпік ілмейтін болып алдым. Төсекке жатқан соң сырқаты мендеп бара жатқан адамдай дөңбекшіп, тынышым кетеді. Көз алдыма Мәнсия, Қайдарбектің жексұрын бейнесі келіп, көлбеңдеп тұрып алады. Ол мені табалайды, лағынаттайды, мазаққа айналдырып күледі. Адам үшін бұдан артық қандай қайғы-қасірет болмақ!?

Ұйықтап кетсем түсіме Қайдарбек кіреді, мен онымен төбелесіп жүремін. Ол жеңеді, мен беті-басым қан-қан болып, ұзынымнан түсіп сұлап жатамын. Мұндайда шошып оянамын, сарғайып таң атқанша кірпігім айқаспайды. Бакытымды ұрлаған Қайдарбекті іштей сыбап немесе оны қалай сабаудың жоспарын жасап, құрдым қиялдың тұңғиығына батып жатып таң атыратын күндерім көбейіп барады.

“Бекенжан-ау, саған не болған? Жүдеп барасың ғой”, – деп мүсіркейді шешем. Жүдеп бара жатқаным рас. Айна алдына барып тұрамын. Төмпақ бет қара баланың орнына көзі шүңірейген, жағы суалған бейтаныс біреуді көремін. Мейлі, мен бәріне көнемін.

Бауыры Қайдарбек келгенмен Айдарбек те қуанып жүрген жоқ. Ол да мен сияқты жүрегін мұңға малып, махаббаттың азабын тартып жүр. Айдарбектің Қайдарбекке іштей қарсы екенін де білемін. Былайша айтқанда, ол екеуміз

іштей мұндаспыз және солай бола тұра бірімізге біріміз қарсымыз, бақталаспыз.

Менің байқауымша, Мәнсия да өзгерген тәрізді. Екі-үш күннен бері Айдарбек екеуінің әңгімесі көбейіп кетті. Сабактан соң да екеуі біраз жерге дейін бірге барады. Кеше Айдарбек оны киноға ертіп барды. Менен қорыққан болу керек, Жансерікті ертіп алыпты. Мейлі, тағы екі-үшеуін ертіп алсын, қажет болса мен олардың бәрімен айқасудан қашпаймын. Енді аянатын жерім қалған жоқ. Қайдарбекті қызыл үйдің маңынан немесе Мәнсияның жанынан көрсем аямаймын. Оның менен үлкен екені рас. Мейлі, азар болса жеңіліп қалармын. Бәрібір жеңгенше қайтпаймын, айқаса беремін. Түбінде оны да жеңетіндігіме көзім жетеді.

Мәнсия маған ренішті. Анау күні Шәуенге жасаған қиянатым, толып жатқан әбес қылықтарым... Осының бәрін жинақтап, қорыға келіп, ол мен туралы жаман пікірге тірелген болу керек. Бұрын сәлемдесіп жүруші едік, қазір мені көрсе, теріс айналады. “Мен ондай жан емеспін”, – деп, ант ішіп, ақталғанмен ол маған сенер ме! Әрине, сенбейді. Не істеуім керек? Басым қатты. Ақыл қосар кім бар? Мұңымды, сырымды кімге айтамын? Достарым көп еді ғой. Болатжан, Нұрбосын, Қазыбек, Берікбай... Менің асыл сезімім ешқашан жария болмауға тиіс. Ол сезім құпиялылығымен ғана асыл. Қолға түскен соң алтынның да қадірі, қасиеті болмайды.

Қайдарбек Мәнсияға бармай-ақ қойса екен. Мәнсияны Қайдарбекке қарағанда Айдарбектен тартып алу әлдеқайда оңай. Иә, сәт, осы тілегім қабыл бола гөр. Қайдарбек демалысы тез бітіп, қарасын батырса екен. Ол келгелі де екі-үш күн болып қалды. Таңның атысы күннің батысы шікірейіп киініп алып, колхоздың клубының алдында шіреніп жүргені. Біреулермен сөйлесе қалса, Алматының жаңалығын айтып, аузы көпіріп кетеді. Алматыны одан басқа адам көрмегендей бөседі. Амандық болса енді екі жылдан кейін мен де студент боламын. Басқа емес, түп-тура ҚазГУ-дің өзіне, заң факультетіне барамын. Прокурор мен мектеп мұғалімінің арасында жер мен көктей айырма бар. Шіркін-ай, Мәнсияның бойына сәуегейлік дарып, менің болашағымды барлап білсе, онда ол аспанды иығымен тіреп жүргендей жөнсіз дәсерісіп, шіренген Қайдарбекке пысқырып та қарамас еді.

Ойым сан-саққа жүгіріп, үйге сыймадым. Шешем де осындайда мазасыз, болар-болмасты айтып, қыңқылдай бастайды. Көзге күйік болғанша қарамды батырайын деген оймен көшеге шығамын. Әне, мектептің ауласында балалар волейбол ойнап жүр, бұрын мұндай ойынды мен ұйымдастырушы едім, енді допқа зауқым жоқ. Қиялдың тұңғиығына шым батып, сүмірейіп бір шетте елеусіз жалғыз тұрмын. Адамның ұмытылуы да тез болады екен-ау. Бұрын ғой өзім қатыспаған ойынның қызығы болмайтын секілденуші еді. Оным ағат түсінік екен. Менсіз де таң атады, күн батады екен. Бір адам деген не, тәйірі.

Ойын жүріп жатыр. Осы арада Мәнсия болса қарап тұрмасым анық. Оның көзінше бар өнерімді салып бағатын едім.

— Оho! Спорт мастері келді!

Шешініп жатқан Қайдарбекті көрдім, жүрегім әлсіз ғана шым етті. Кенет кеудемді желік буды, ойынға аңсарым ауды. Асығыс шешіндім де, екінші команданың құрамына қосылдым.

— Енді ойынның барлық тәртібін есепке аламыз, — деп көсемсіді Қайдарбек. Оның сөзі менің жыныма тиді, бізді бұрын-соңды доп ойнамаған кеше деп тұр. Көрерміз әлі.

— Ал кім төреші болады?

— Мен болайын.

Ерні салпыып Жансерік ортаға шықты.

— Тәртібін білесің бе?

Жансерік төмен қарап тұрып әлдене деп мінгірледі. Оның не дегенін ешкім түсінген жоқ.

Осы кезде “Құдай айдап” Мәнсия келе қалды, аяғында жеңіл тәпішке, шалбар киген, бұрынғысына қарағанда жіңішкере түскен тәрізді. Менің жайым белгілі, жоса-жоса болып терлеп, әбігерге түстім. Оның бұл келісіне қуанып тұрып әбіржігеніме түсінбеймін, жүрегім қағып тұр, Мәнсияға тура қарауға жүзім шыдамайды, оны көрсем де байқамаған боламын.

— Мені де ойнатындаршы, — деді ол. Кімге қарап айтқанын мен әрине білмеймін.

— Ана командаға қосыл, — деді Қайдарбек оған.

— Біздің команда толық.

— Онда сен шыға тұр. Қыздарды сыйлау керек.

Қайдарбек біздің алаңға өтіп, ойыншыларды сұрыптай бастады. Сыдық тайпақ болғандықтан ойыннан шығып қалды. Ол екі ұрты қомпиып тұр. Іштей Қайдарбекті сыбап тұрған шығар.

Қайдарбек барып тұрған мақтаншақ екен; оны мықты ойыншы шығар деп ойлап ем, дұрыстап доп ала алмайды, сөйте тұра балаларға ақыл айтып, дамыл таппай жүр. Командасындағы бір ойыншы қателік жіберсе, екі беті доларып, қызарып кетеді, “кінәлі” баланы жер-жебіріне жетіп ұрысады. Мен осындай адаммын дегендей Мәнсияға қарап қояды.

Олар жеңіліп жатыр. Мен барымды салып ойнап жүрмін, ұрған добымды ешкім қайтара алмайды. Мәнсия қуанышты, мен доп ұрған сайын сықылықтай күліп, қол соғады, осының өзінен ерекше шабыт аламын, көңілім, рухым көтеріле түседі. Қайдарбек ашулы, күйіп-пісіп жүр. Құр айқайдан түк шықпасын білген соң ол қараулыққа көшті. Қайта-қайта Жансерікке тепсініп жетіп барады да: “Көзің қайда, ай бағып отырсың ба?” – дейді бажалақтап. Жансерік: “Көрген жоқпын”, – дейді міңгірлеп.

Ашулымын. Әрең шыдап жүрмін. Бүгін неге жуасып қалғаныма таңмын. Бұл, бәлкім, Мәнсия маған тілектес, жақтас болғандықтан шығар. Оның үстіне ең басты бакталасыма үстемдік жүргізіп жатырмын ғой. Әдетте жеңген адам кең және кешірімді болады.

Ақыры дау шықты. “Сен дұрыс ойнамайсың”, – деп, Қайдарбек маған тиісті. Маған керегі осы болатын. Мұнымды доп ойнап, жеңіске жету арқылы ұмытып едім. Оның жаңағы сөзі маған шапалақ болып тиді. Кеудемнің терең түкпіріндегі бықсып жанып, неше күннен бері тұтанып кете алмай жүрген адуын ашу лаулай жөнелді, мұндайда адамның ақылын, еркін дүлей күш билейді ғой. Аузымнан артық сөз шыққан жоқ, қарсы алдымда тұрған Қайдарбекті салып жібердім. Жұдырық қатты тиген болу керек, беті қайтып қалды, жасқаншақтап шегініп барады. Күшіме үстеме күш қосылғандай рухтанып кеттім, ұмтылып барып, түмсығынан дәлдеп ұрдым, мұрнынан қан саулай жөнелді. Балалар тым-тырыс, олардың маған тілектес болып тұрғанын ішім сезеді. Арашаға арамыздағы жалғыз қыз Мәнсия жүгірді, мен де қызбамын ғой, оны итеріп тастап, мұрнының қанын